



**Алпысбайқызы Шырын,
Қостанай экономика колледжі, 3 курс студенті**

Астана – Қазақстан Республикасының жас қаласы, ол басқа мемлекет астаналарының ішінде небәрі аз уақыт ішінде түбегейлі өзгеріп, басқа түрге айналып кетуімен ерекшеленеді. Әр елдің өз ордасы, шаһары болады. Олардың өздерінің тарихы, өткені мен күтер болашағы болады.

Тарихи материалдарды зерделей отырып, әр түрлі уақытта Ұлы Дала тағдырының түрлі кезеңіндегі барша түркі тайпасының бас орда – астаналары нақ осы заманғы Қазақстан аумағындағы қалаларда орналасқанын байқамау мүмкін емес. Атап өткенде, мұндай жағдай Суяб, Құлан, Тараз, Сығанақ және Түркістан сияқты көне де даңқты қалаларға қатысты.

Ең қызығы, олар белгісіздеу қалалық қоныстар емес, Қазақстанның аты шыықан ежелгі қалалары. Олардың гүлденуінің шарықтау кезеңі орта ғасырларда, тіпті одан да ерте тарихи дәуірлерде жатыр. Сонымен қатар, бұлар Еуропаның Азиялық бөлігіне ғана емес, Еуропаға да едәуір танымал болған қалалар.

Бұл қалалар өздері арқылы Еуропа мен Азия арасында тауарлар алмасуын жүргізген аса маңызды көлік тораптары ретінде Еуропа тарихына күні бүгінге дейін белгілі.

Ресей империясының елімізді отарлау саясаты белең алып, қазақ жүздерінің Ресейге қосылған тұсында Далалық өлкенің астанасы Орынбор болды. Нақ осы Орынборда Түркістан және Далалық өлке генерал – губернаторларының кеңсесі орналасты. Орынбормен қатарласа жүздердің, рулардың астаналары пайда болды, астана қызметін аға сұлтандардың ордалары атқарды.

Республиканың оңтүстік облыстарында тұрып жатқан қазақ халқының басым бөлігінің Орынбордан қашық болуы – астананы көшірудің қажеттілігін туғызған маңызды шарттардың бірі еді.

Қазақстанға астана болуға үміткерлер ретінде Ақтөбе, Семей, Орал, Ақмола, Шымкент, Әулиеата және Ақмешіт қалалары ұсынылды. Ақырында таңдау Ақмешітке (қазіргі Қызылорда) түсті. 1925 жылы бұрынғы Қоқан хандығының шекаралық қамалы болған Ақмешіт Қазақстанның астанасына айналды. 15-19 сәуірде Ақмешітке Қазақстан кеңестерінің V съезі өтті. Съезд шешімімен Қырғыз АКСР (Қазақстанның революциядан кейінгі атау) Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы болып қайта аталды.

Сөйтіп, 1927 жылғы 3 сәуірде Қазақстан картасында жаңа және біздің баршамызға етене таныс есім – Алматы пайда болды. Бірақ

республика үкіметінің жаңа астанаға біржолата көшуі тек 1929 жылы ғана жүзеге асты.

Тура жетпіс жылдан кейін, 1997 жылғы 20 қазанда Ақмола – бұрынғы Целиноград Қазақстан Республикасының астанасына айналды. Сәл кейінірек 8 қарашада мемлекеттік биліктің негізгі нышандық белгілерінің бәрі – республиканың туы, елтаңбасы және Президент байрағы жаңа астанаға әкелінді.

Тек бір айтатын жайт, Целиноградтың біршама уақыт астана болғаны да бар. Бірақ Қазақстанның астанасы емес, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының қақ ортасында әлдебір автономиялық құрылым өмірге келуі тиіс еді. Өз заманында Никита Сергеевич Хрущев Қазақстан құрамында автономиялы әкімшілік – аумақтық субъекттің өлкесін құру туралы шешім қабылдаған болатын. Осы автономияның астанасы – Целиноград болды.

Ақыры Целиноград астанаға айналды: Целиноград – Ақмола – Астана болып дәйекті түрде бірнеше рет қайта атала отырып, тәуелсіз де егемен Қазақстанның кіндік қаласына айналды.

Ақмола Целиноградқа айналып қона қоймай, біршама халқы бар айтарлықтай үлкен қала деңгейіне жетті. Қазақстан Республикасының картасында ондаған жаңа елді мекендер дүниеге келді. Тәуелсіздік алғаннан кейін, 1992 жылы қалаға тарихи Ақмола қайтарылып берілді. Бес жыл өткен соң, яғни 1997 жылғы 10 желтоқсанда бұрынғы тыңның астанасы – Ақмола қаласы күллі Қазақстанның елордасы болып ресми жарияланды. Бірақ, Ақмола атауы ұзақ тұрмады, 1998 жылы Ақмола Астана болып қайта аталды. Осы атаумен Қазақстан елордасы жаңа мыңжылдыққа енді.

Қазақстанның бүгінгі ел ордасы Астана – Қазақстанның халық саны бойынша екінші, ал даму қарқыны бойынша бірінші орындағы қаласы. Астана бүгінгі күні республиканың әкімшілік орталығы болса, ал ертеңгі күні республиканың мәдени, ғылыми және өнеркәсіп орталығына да айналады. Астана бұған табан – тіректі, жүйелі түрде бет алып келе жатыр. Ел орданың бірте – бірте дамуы, Астананың келбетін Азияның ең әсем әрі осы маңдағы елордалардың бір ретінде түпкілікті бекіте түседі.

Қазақстан – Еуразиялық мемлекет, оның жаңа астанасы алып Еуразия құрлығының географиялық орталықтарының бірі. Тәуелсіз Қазақстан астанасы етіп Ақмоланы таңдауда айқындаушы факторлардың бірі – бұл қала келе – келе осы орасан зор құрлықтың қуатты байланыстырушы орталығына айналатындығы болды. Сөйтіп, 1998 жылғы 6 мамырда «Қазақстан Республикасының астанасы Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы Астана қаласы деп қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің тиісті Жарлығы шықты.

Міне, осындай әдемі, әуезді әрі ауқымды атау – Астана атымен Қазақстан Республикасының жаңа елордасы үшінші мыңжылдыққа кірді.

Астана осы сөздің мағынасында нағыз астанаға айналды. Жаңа тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасының астанасына. Бүгінгі Астана мен келешек Астана бұл халықтың стратегиялық ойлары мен ұмтылыстарының ең басты жемісі болып табылады. Астананы көркейтіп, оны дамыту үшін тек билікте тұрған адамдар ғана емес, барша халық, жастар биікке ұмтылуы тиіс. Себебі, Астана ол біздің елдің келбеті болып табылады.

Мемлекет тарихы мен үндестікке ғасырлар бойы жасалған астаналық мәдениеттен өзгешелігі – жаңа астана өзінше бір таза парақ тәрізді, өткен мен келешек алдындағы жауапкершілікті ойда ұстай отырып, осы парақ бетіндегі тарихи қадамдарды мейлінше абайлап, жүз ойланып, мың толғанып барып жасау қажет. Астана барлық уақытта мемлекеттің символы және оның мәдени қоғамдық, әлеуметтік дәстүрлерін сақтаушы болып келеді. Осыған байланысты қандай кез, жағдай болмасын біздің Астанамыз ол біздің халықтың өмір сүру салтын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін көрсете білетіндей болуы үшін оны әлі де көркейтіп дамыту біздің қолымызда, яғни жастардың. Отанын сүйген адам, ол отанының гүлденгенін жан тәнімен қалайды. Біздің жаңа ел ордамыз Астана құрылыс пен сәулет саласындағы алуан түрлі көзқарастарды бойына жинақтады. Бірақ елорда сәулет нысандарының арқасында ғана емес, онда тұратын Қазақстан азаматтарының өзінің туған жерін жайнатуға, туған жерін дамытуға осы жерден бейбітшілік, келісім мен игілік жазирасын жасауға ұмтылысының арқасында астанаға айналды.

Ал енді Астананың ажары жайлы сөз қозғайтын болсақ. Бүгінде Астананың өзіне ғана тән қайталанбас бейнесін – бар мәдениетіміздің, дәстүріміздің, ғұрпымыздың, барлық халықтар мен ұлттардың достық ниетті дарқан мінездерінің үйлесуінен түзілген керемет рухани бейне қалыптасқанын байқаймыз.

Астана – Қазақстан Республикасының әкімшілік орталығы, елорда тұрғындары мен қонақтарына жайлы тұрмысты қамтамасыз ететін қалалық инфрақұрылымы бар үлкен шаһар.

Тамаша тұғын үй кешендері, еңселі әкімшілік ғимараттары, гүлзарлары мен фонтандары, әсем монументтері мен сәулет ескерткіштері бар бүгінгі Астана көз алдымызда күн сайын өзінің керемет сымбатымен құлпырып барады. Сәулеттік пішінінің әсемдігі мен сән – салтанаты жағынан көп ұзамай әлемнің көптеген астанасынан кем түспейтін болады.

Астана – бейне қауыз жарып келе жатқан көп гүлді, мол жапырақты өсімдік тәрізді жап – жасыл жазира.

Бәйтерекке назар аударсақ, ол жапырағын жайып тас шынардай жарқырап тұрған тәрізді болады. Ол – өмір мен мейірім символын әлемге паш етіп тұрғандай.

Айнала жаппай тамырын тереңге жіберіп, өркенін молынан жайған әдемі де еңселі құрылыстар: кеңселер, тұрғын үй кешендері, коттеждер жамырай бой көтеруде. Олар бейне кезбе қаңбақ тәрізді, өздерінің өмірге құштарлығын барлық күш – қуатымен паш етуге мүмкіндік берген бұраң бел, Есілдің құтты қойнауынан жайлы орын тапқандай.

Өзен үстіндегі қос өткелді кең көпір оң жағалау мен сол жағалаудың арасын жалғап, біртұтас кеңістік ансамбілін құрап тұр. Ал сол жағалауда – осы заманғы үлгідегі ықшам сәулет нысандары орын тепкен, мұнтаздай жолдар тартылған, көкпеңбек жатаған саябақ. Олар Сол жағалаудың беташары тәрізді. Екінші жағынан, қос қанатты барыс қазақ халқының өткен қаһармандық жолын, барша қазақстандықтың кемел келешекке ұмтылысын поэтикалық тұрғыда бейнелеп тұр. Оның айбынды тұлғасы жарқын істер мен бақытты өмірге лайық күшті ірі дамыған мемлекетті білдіреді.

[Введите текст]

Есілдің оң жағына көз салсаңыз, бейне бір өзеннің кең айдынына иілген сәмбі талдар секілді тұрғын үйлер кешенін – осы заманғы ғимараттар тізбегін көресіз. Олар өрнекті плиткалардан қаланған және оюлы металл қоршауларымен көмкерілген жағалауда бейне қамал қабырғасындай самсап тұр. Олар жеңіл де үйлесімді мәнерде біртұтас ансамбль құрайды.

Астана әкімшілік орталығының қазіргі бас алаңы – әкімшілік және іскерлік шаһарының әсем сәулет келбетіне нәр беріп тұрған тұтас бір мүсіндік бейнеге ұқсайды.

Жастар алаңының әсем сәулет ансамблі, Лев Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің бірқатар жаңа корпустары, Ел Анасы монументі, толқында тербеліп тұрғандай осы заманғы спорт кешені, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің зәулім ғимараты, сол секілді фонтан жүйелері орнатылған бірқатар жаңа сәулет ғимараттары – осының бәрі Астананың келбетіне жаңа рең береді және ақын – жазушылардың талайының шығармашылық шабытының бастау – қайнарына айналары даусыз.

Ұлы ақындар Абай мен Пушкиннің, Кенесарының және басқа да талай қайраткерлердің мәрмәр мен қола бейнелері Арқа төсіндегі Астананың сәнін келтірген інжу – маржан, көне Есілдің тік құлама жағалауына әр берген гауһар моншақтар тәрізді.

Қайда көз салсаңыз да, бәрінде қайнаған өмір, қозғалыс, қам – қаракет, шаттық, жетістіктер және қазіргі астанаға деген көкіректе бірден мақтаныш сезіледі.

Астананы тікұшақпен айнала ұшып шолып шығуға да болады. Бірақ оның ішкі сұлулығын сезіну, мәнін түсіну, оның болашағына үңілу – мұның барлығын Астанаға ақ ниет, ақ көңілмен және жүректегі бар сеніммен келіп, өмір сүрсеңіз ғана бастан кешесіз.

Астананың тарихын, оның өткені мен болашақтан халықтың аңсары мен күтерін бейнелейтін рәміздердің де орны бөлек. Егер Астана елтаңбасына зер салар болсақ, онда бір ғана қаланың осынау елтаңбасы, ондағы бейнеленген таңба суреттер – тәуелсіздік алған әрі әлемдік саяси, қоғамдық, әлеуметтік және экономикалық даналық қазынасына қосылған Қазақстанның, біздің мемлекетіміздің бүкіл рухы мен ділін нышанды көрсеткенін аңсайсыз.

Енді осы Астана елтаңбасына мұқият зер салып көрейікші...

Шаңыраққа қарасаңыз, бұл Қазақстанның кең даласының шексіз аспаны астында халықтардың және мәдениеттердің қауымдасуы мен бірлесуін кейіптеу тәрізді;

Алтын масаққа қарасаңыз, барша тұрғындар мен еңбекші халыққа нәр беріп жатқан Қазақстан жерінің байлығы мен жомарттығын кеуіптеу тәрізді;

Барыстың сұлбасына қарасаңыз, бәрімізге белгілі, бүгінгі күні бұл барыс – өнеркәсіптік және технологиялық даму үрдісімен, қоғамдық өрлеу мен демократиялық ұмтылыстардың сара жолымен шеру тартқан Қазақстанның символына айналды;

Тас қорғанның нобайына қарасаңыз, Қазақстан жерін жайлаған бейбітшілік пен қауіпсіздік ахуалын қорғау, көп ұлтты Отанымыздың барлық ұлтының

құқықтары мен алаңсыз өмірін, дінін және мәдениетін сақтау жолындағы халықтың күш – жігерінің нышаны.

Нақ осы Астана елтаңбасында Қазақстанның барлық азаматының ақыл – парасаты мен ой – сезімі бейнеленген.

Астананың ХХІ ғасырда бас қалаға айналуына елбасымыз – Н.Назарбаевтың қосқан үлесі өте зор. Ол осы Астананы ғана емес, бүкіл Қазақстан Республикасын дамытуға, оны көркейтіп бүкіл әлемге танытуға бүкіл күш – жігерін, өмірін жұмсады. Елбасымыздың жасаған еңбектерін айтпай кетпеу мүмкін емес. Ол елімізді дамыту үшін, Астананы шарықтату үшін көптеген жобалар, бағдарламалар ұсынды. Соның ішінде «Қазақстан -2030» стратегиясын алуға болады. Елбасымыз Стратегияда «Біздің алға қарай жылжуымыздың басты шарты – қоғамымыз алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі біртұтастығы, халықтың барлық жіктері мен топтарының ортақ міндеттерді шешуге бағытталған стратегия айналасында топтасуы», - деп көрсетті. Елбасымыз Астана жайлы кітап жазған болатын. Ол «Еуропа жүрегінде» деген еңбегі. Президент өз кітабында: «Жаңа астана барлық жүрек сияқты Қазақстанның барлық аймақтарының өміріне рух, ұлттық сезім мен сананы көтеруге ден берді» деп жазған. Ата-бабамыз «Бірлік бар жерде, тірлік бар» дегендей, біздің тәуелсіз еліміз көп ұлтты мемлекет. Қазақстан халықтарының 1-ші форумында Елбасымыз айтқандай, «...біздің басты байлығымыз – халықтар достығын қазақстандықтардың бір ғана ұрпағы қалыптастырған жоқ. Тарихымыздың көптеген тұстарын қайтадан ой елегінен өткізген қазақстандықтардың бұл байлығымызды ысырап етуге, ізгі дәстүрлерімізді ұмытуға хақылары жоқ».